

**"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка"**

**СВИДЕТЕЛЬСТВО
о государственной регистрации выпуска объявленных акций**

23.09.2025

город Алматы

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию выпуска объявленных акций

акционерное общество "Жилищный строительный сберегательный банк "Отбасы банк"

**Z05T3E2, КАЗАХСТАН, г.Астана, район Есиль, Проспект Мангилик Ел здание 55А Нежилое
помещение 3**

зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 030740001404

Выпуск разделен на:

12 820 000 (двенадцать миллионов восемьсот двадцать тысяч) простые акции
которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN)

KZ1C00003201

Номинальная стоимость одной акции:

простые акции: 10 000 (десять тысяч) тенге.


Причина замены свидетельства о государственной регистрации выпуска объявленных акций
акционерного общества:

в связи с изменением места нахождения общества.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Уполномоченное лицо



Хаджиева Мария Жамаловна
(фамилия, инициалы)

(электронная цифровая подпись)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

**"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка"**

Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы КУӘЛІК

23.09.2025

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамы

Z05T3E2, Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Даңғылы Мәңгілік Ел, ғимарат 55А, т.е.б. 3

бизнес сәйкестендіру нөмірі 030740001404 жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым бөлінген:

12 820 000 (он екі миллион сегіз жүз жиырма мың) жай акциялар
оларға халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген

KZ1C00003201


Бір акцияның номиналды құны:

жай акциялар: 10 000 (он мың) теңге.

Акционерлік қоғамның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті
ауыстыру себебі:

қоғамның орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты.

Уәкілетті тұлға



(электрондық цифрлық қолтаңба)

Хаджиева Мария Жамаловна
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Толық атауы: "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі
акционерлік қоғамы
Қысқартылған атауы: "Отбасы банк" АҚ

Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген бүкіл ақпараттың дәйекті және акционерлік қоғам мен оның орналастырылатын акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам акциялар айналысы кезеңінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар рыногындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1-тарау. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес қоғам туралы ақпарат:

1) қоғамды бастапқы мемлекеттік тіркеу күні:

10.07.2003

2) қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу күні (егер қайта тіркелген болса):

20.12.2020

3) қоғамның толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдерінде;

Толық

Қазақ тілінде	"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	акционерное общество "Жилищный строительный сберегательный банк "Отбасы банк"
Ағылшын тілінде	«joint stock company «Otbasy bank» house construction savings bank»

Қысқартылған

Қазақ тілінде	"Отбасы банк" АҚ
Орыс тілінде	АО "Отбасы банк"
Ағылшын тілінде	JSC «Otbasy bank»

4) қоғамның атауы өзгерген жағдайда, оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күндері көрсетіледі;

Өзгерту күні	Толық	Қысқартылған
20.12.2020	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы	"ҚТҚЖБ" АҚ

5) егер қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) қоғамға қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;
қолданылмайды

6) қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

030740001404

7) ISO 17442 халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) (бар болса).

25490025PQWUT9EOEB97

2. Қоғамның байланыс телефондарының, факс нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын, сондай-ақ егер қоғамның нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген қоғамның орналасқан жерінен ерекшеленетін

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



болса, қоғамның нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес қоғамның орналасқан жері.

Орналасқан жері (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес)	Z05T3E2, Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Даңғылы Мәңгілік Ел, ғимарат 55А, т.е.б. 3
Байланыстар	+77273309300 mail@hcsbk.kz
Нақты мекенжайы	A05A2X0, Қазақстан, Алматы қ., Алмалы ауданы, АБЫЛАЙ ХАН даңғылы, 9

2-тарау. Акциялар туралы, оларды төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтер

3. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері:

жай акциялар: 12 820 000 (он екі миллион сегіз жүз жиырма мың)

2) құрылтайшылар төлейтін акциялардың саны, түрлері:

жай акциялар: 150 000

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны:

жай акциялар: 10 000 (он мың) теңге

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілді мөлшері:

жатпайды

Тұрақтандыру банкі тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналды құны туралы ақпаратты ғана толтырады.

4. Акцияларды төлеу

Акцияларды төлеу тәсілі:

Ақшамен (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлегенін растайтын төлем құжатының (құжаттарының) деректемелерін, төлем сомасын және төлеушінің атауын көрсету);

Бағалы қағаздармен (бағалы қағаздар эмитентінің атауын, бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) мен санын, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын (нарықтық бағасы болмаған жағдайда) мәміле тіркелу күнін көрсету)

Мүліктік құқықтармен (қоғамның тиісті органдарының қоғамның ақшалай міндеттемелерін қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу есебіне өтеу туралы қабылдаған шешімінің күнін және қоғамның осы шешімді қабылдаған органын; қоғамның ақшалай міндеттемелерін салыстырып тексеру актісінің деректемелерін, бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету);

Езге мүлікпен (бағалаушының атауын, бағалау туралы есептің жасалған күнін, мүлікті бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-өткізу актісінің күнін көрсету).

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жасатпайды

Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда көрсетіледі (банктерді қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастыру кезінде қолданылмайды):

Қоғам қайта құрылмады.

Қоғам қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда қосымша көрсетіледі:

Қоғам қосылу арқылы қайта құрылмады.

Банктер ерікті түрде қайта ұйымдастырылған жағдайда банктің басқа банкке қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылатын банктер акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында бекітілген акцияларды айырбастау коэффициенті көрсетіледі:

Банктің басқа банкке қосылуы түрінде банктерді ерікті түрде қайта құру болған жоқ.

Акцияларға цифрлық (виртуалдық) бірліктермен және (немесе) құны цифрлық (виртуалдық) бірліктердің құнына (құнының өзгеруіне) байланысты болатын қаржы құралдарымен төлем жасалмайды.

Акциялар шығарылымы проспектісінің мақсаты үшін цифрлық (виртуалдық) бірлік деп криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылған және есепке алынатын сандық жазба болып табылатын бірлік түсініледі.

3-тарау. Акцияларды орналастыру шарттары мен тәртібі

5. Акцияларды орналастыру және айналысқа шығару:

1) акцияларды орналастыру және айналысқа шығару жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы);

-ұйымдастырылмаған

2) акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта орналастырған жағдайда орналастыру тәсілі: жазылу немесе аукцион көрсетіледі;

Жазылым

3) құрылтайшылар жиналысында бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіткен күні көрсетіледі;

19.03.2008

4) акционерлік инвестициялық қорда:

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алуға өтінімдер беру және орындау шарттары мен тәртібі;

жасатпайды

акционерлік инвестициялық қордың акцияларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі делдалдар тізбесі (олар бар болса) олардың орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері беріле отырып қосымша көрсетіледі.

жасатпайды

4-тарау. Қоғамның орналастырылған (акционерлік қоғамның сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



**пайызына ие құрылтайшылары немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы
мәліметтер**

6. Жаңадан құрылған, оның ішінде қайта ұйымдастырылу жолымен құрылған қоғамдар, сондай-ақ сот шешімі бойынша жарияланған акциялары шығарылымын мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған қоғамдар үшін қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер, оның ішінде:

жеке тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) толық атауы, орналасқан жері;	қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие құрылтайшылары (қатысушылары) ақысын алдын ала төлеген акцияларының саны мен түрі (түрлері);	құрылтайшылардың (қатысушылардың) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие болған күні көрсетіледі.
"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (АҚ "ҰБХ "Бәйтерек") Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел, 55а	7 830 000 (жай акциялар)	28.08.2013

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркеуге дейін төленген жағдайда қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу күні көрсетіледі.

Жарғылық капиталдың ақысы заңды тұлғаны тіркегеннен кейін төленген жағдайда құрылтайшылардың қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін толық төлеген күні көрсетіледі.

Сот шешімі бойынша жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеуін жарамсыз деп танылған қоғамдар акционерлердің жалпы жиналысында жаңа акциялардың шығарылымын тіркеу туралы шешім қабылдаған күнді көрсетеді.

5-тарау. Қоғам қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, қоғамның қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

7. Қоғам қызметінің түрлері:

1) қызметінің негізгі түрлері;

Банк салымшылардың қаражатын тұрғын үй құрылыс жинақтарына тартады, салымдардың сақталуы мен қайтарымдылығын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында іс-шаралар жүргізу үшін тұрғын үй, аралық тұрғын үй, алдын ала тұрғын үй заемдарын береді, оларға тұрғын үй құрылысы (жер телімін сатып алуды қоса алғанда), тұрғын үйді сатып алу, оның ішінде тұрғын үйді жақсарту, жөндеу және жаңарту арқылы айырбастау арқылы (құрылыс материалдарын сатып алу, мердігерлік жұмыстарға ақты төлеуді қоса алғанда), тұрғын үй жағдайларын жақсарту іс-шараларына байланысты пайда болған міндеттемелерді өтеу, банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



асыратын ұйымдардан ипотекалық тұрғын үй заемдарын алу үшін бастапқы жарна енгізу. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі агенттігі, мерзімсіз, 2025 жылғы 11 маусымдағы №1.1.117 Банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге арналған лицензиясына сәйкес "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы төмендегілерді жүргізуге құқылы:

- тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымдар (депозиттер) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру;
- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтары салымшыларының салымдарын қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу және оларға тұрғын үй қарыздарын беру;
- тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау,
- тұрғын үй жағдайларын жақсартуға білім беру жинақтау салымынан төленетін жинақ төлемдерін немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарды ашу және жүргізу, банктік шоттарын ашу және жүргізу ұлттық валютадағы банк операцияларын;
- кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;
- аударым операциялары - жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;
- шетел валютасымен айырбастау операциялары;
- депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу және жүргізу банк операцияларын (ұлттық және (немесе) шетел валютасында);
- өзінің бағалы қағаздарының (акцияларды қоспағанда) эмиссиясы;
- сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
- жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары;
- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сенім білдірушінің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары сияқты Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүргізуге құқық береді.

04.01.2024 жылғы № 1.2.49 бағалы қағаздар нарығындағы операцияларды жүзеге асыруға



лицензия клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық береді.

2) қоғамның маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың қоғамның жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, қызметінің түрлеріне қысқаша сипаттама беру;

Жарғыға сәйкес эмитент мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

Банктің негізгі міндеті тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін сапалы банктік қызмет көрсету болып табылады. Банк салымшылардың қаражатын тұрғын үй құрылыс жинақтарына тартады, салымдардың сақталуын және қайтарылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй заемдарын ұсынады, оларға құрылыс (жер учаскесін сатып алуды қоса алғанда), тұрғын үй сатып алу, оның ішінде жақсарту мақсатында айырбастау, жөндеу және тұрғын үйді жаңғырту (құрылыс материалдарын сатып алуды, мердігерлік жұмыстарға ақы төлеуді қоса алғанда), міндеттемелерді өтеу, тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларға байланысты пайда болған, банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу.

Банк қызметінің мақсаты бос ақшаны тиімді пайдалану, Банк қызметтерін көрсету, жүзеге асыруға Банктің тиісті лицензиялары бар жеке және заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсету негізінде табыс алу болып табылады.

Банк Жарғысының 4.3-тармағына сәйкес мақсат пен міндетке қол жеткізу үшін Банк мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдарды (депозиттерді) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, алдын ала тұрғын үй және аралық тұрғын үй қарыздарын беру;
- 3) біржолғы зейнетақы төлемдерін есептеу үшін арнайы шоттар ашу және жүргізу;
- 4) жеке тұрғын үй қорында жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алу үшін ағымдағы шоттар ашу және жүргізу.

Банк Жарғының 4.3-тармағында көрсетілген негізгі қызмет түрлерінен басқа, қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын және (немесе) Қазақстан Республикасының Банк заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуды, сондай-ақ Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның лицензиясына сәйкес операциялардың басқа да түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) кассалық операциялар - айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау және сақтауды қоса алғанда Банк Жарғысының 4.3-тармағында және Банк Жарғысының 4.4-тармағының 2), 5) тармақшаларында көрсетілген банк операцияларының бірін жүзеге асыру кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау және беру;
- 2) аударым операциялары – жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
- 3) меншікті бағалы қағаздардың эмиссиясы (акцияларды қоспағанда);
- 4) сейф операциялары – сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;
- 5) шетел валютасымен айырбастау операциялары;
- 6) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 7) сенімгердің мүддесі мен тапсырмасы бойынша банктік қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқарудың сенімгерлік операциялары;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



8) жеке тұрғын үй қорында жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында, төлемдер мен субсидияларды есептеу үшін сенімгердің мүддесі мен тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары. Сондай-ақ, Банк Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Банк лицензияның болуын талап етпейтін Екінші деңгейдегі банктер үшін Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

Банк өзінің міндеттері мен функцияларын орындау үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Егер қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін құзыретті органның арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) не уәкілетті органдардың тіркеуі және /немесе рұқсаты қажет болған жағдайда, Банк белгіленген тәртіппен тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін және соған сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асырады.

Банк өз қызметін клиенттермен тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін айқындайтын шарттық, ақылы негізде жүзеге асырады.

Банк Клиенттер мен корреспонденттердің операциялары, шоттары мен салымдары бойынша құпияға, сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарында және үй-жайларында сақтаудағы мүліктің құпиясына кепілдік береді.

Банк құпиясын құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен адамдарға ғана ашылуы мүмкін.

Клиенттердің банктегі ақшасына және басқа да мүлкіне (құндылықтарына) тыйым салынуы мүмкін және / немесе өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана қолданылуы мүмкін.

Банкке банк қызметіне жатпайтын немесе Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы Банктер және банк қызметі туралы" заңының 8-бабының 9-тармағында, 30-бабының 12-тармағында көзделмеген кәсіпкерлік қызмет ретінде операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына мүшелікті қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы Банктер және банк қызметі туралы" заңының 8-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тиым салады. Банк қызметі маусымдық сипатта болмайды.

3) қоғамның бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

Банк тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін іске асыратын елдегі жалғыз банк болып табылады. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі - 2000 жылғы 7 желтоқсандағы №110 Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" заңына және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың талаптарына сәйкес салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына тартуға және оларға есептелген мемлекет сыйлықақыларына және оларға тұрғын үй заемдарын беруге негізделген тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың тұйық жүйесі.

2003 жылғы 10 шілдеде Банк заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Сол жылдың қыркүйегінде Банктің филиалдық желісін дамыту және салымшыларды тұрғын үй құрылыс депозиттеріне тарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.



4) қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Жағымды факторлар:

- Бірегей өнімнің болуы (заемдар бойынша төмен пайыздық мөлшерлемелер, жинақтауға арналған мемлекеттің сыйлықақысы).
- Банк капиталына мемлекеттік қатысу. Қаржы агентінің мәртебесі.
- Банктің оператор ретінде тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларын және өзге де мамандандырылған жобаларды іске асыруға қатысуы.

Жағымсыз факторлар:

- Қысқа мерзімді перспективада экономикалық өсудің баяулауы салдарынан экономикалық белсенділіктің төмендеуі.
- Жалпы халықтың банк жүйесіне сенімсіздігі.
- Халықтың депозиттерінің ішкі нарығында және ипотекалық нарықта ЕДБ арасында бәсекелестіктің артуы.
- Халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі. Халықты несиелендіру.

8. Акционерлік инвестициялық қорлар болып табылатын қоғамдардың қызметі туралы мәліметтер.

Мыналар көрсетіледі:

акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық қызметі туралы негізгі ережелер, инвестициялық саясаты мақсаттарының сипаттамасы, акционерлік инвестициялық қордың кірістеріне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін ықтимал факторларды көрсете отырып тиісті объектілерге инвестициялау себептері мен тәуекелдері, сондай-ақ олардың туындау мүмкіндіктері;

акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниясы туралы мәліметтер (толық атауы, орналасқан жері);

қоғамның инвестициялық декларациясында көрсетілген инвестициялау объектілері, оның ішінде акционерлік инвестициялық қор үшін барынша маңызды объектілері нарығындағы жалпы үрдістің қысқаша сипаттамасы.

жатпайды

9. Қоғамның қызметіне әсер ететін тәуекел факторлары.

Банктің нарықтағы акцияларының құнына келесі факторлар әсер етеді:

- * Банктің қаржылық көрсеткіштері - тоқсан сайынғы және жылдық пайда, активтер мен міндеттемелердің өсу динамикасы және олардың сапасы және т. б.;
- * клиенттердің адалдығы, Банктің қызметі және оның акционерлері мен басшылары туралы жария ақпарат, Банк акционерлері мен басшыларының құрамындағы өзгерістер, банк қызметінің ашықтығы, банктің беделі;
- * Банктің жаңа технологияларды және бағдарламалық өнімдерді енгізу жөніндегі қызметі, зияткерлік капиталға инвестициялар: қызметкерлердің біліктілігін арттыру, клиенттермен жұмыс істеудің жаңа әдістерін енгізу;
- * елдегі экономика мен бағалы қағаздар нарығының жағдайы;
- * халықаралық қаржы нарықтарының жағдайы;
- * елдегі және әлемдегі саяси жағдай;

"Банктің қаржы құралдары портфеліндегі қаржылық тәуекелдер лимиттер жүйесі және тәуекелге ұшыраған активтерді талдау арқылы бақыланады. Лимиттер операция түрлеріне бөлінеді. Банк пайдаланатын қаржылық тәуекелдерді (кредиттік, нарықтық және өтімділік

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



тәуекелдерін) өлшеу әдістері қаржылық тәуекелдің жиынтық көрсеткішін алуға мүмкіндік береді.

Қаржылық тәуекелдерді бағалау және мониторингілеу VaR әдіснамасы арқылы жеке құрал және тұтастай алғанда портфель бөлінісінде жүргізіледі.

Өтімділікті басқару мақсатында максималды өтімділікке қол жеткізу үшін ресурстар көздерін әртараптандыруды көздейтін өтімділік тәуекелін басқару саясаты айқындалған. Өтімділік деңгейін оңтайландыру үшін Банк жыл сайын жиынтық өтімділіктің максималды алшақтығына лимиттер белгілейді.

Ұлттық валютаның девальвациясымен байланысты тәуекелдер Банктің пайдасына тікелей әсер етпейді, өйткені қазіргі уақытта Банк ""Ұлттық қор - балаларға"" жобасын іске асыру шеңберінде әкімшілік-шаруашылық қызмет және клиенттердің қаражатын айырбастау операцияларын қоспағанда, шетел валютасымен операциялар жүргізбейді. Банктің портфелінде шетел валютасында номиналданған немесе құны шетел валюталарының бағамына тікелей тәуелді қаржы құралдары жоқ."

Өтімділік тәуекелін барынша азайту мақсатында ай сайынғы негізде қарыз алу бойынша барлық төлемдерді ескере отырып, активтер мен міндеттемелердің құрылымы бойынша гәп-талдау жүргізіледі; ішкі нормативтік құжаттар қолданылады, олардың көмегімен Эмитент басқармасы қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйін бақылауды жүзеге асырады; контрагенттермен жұмыс істеу тәртібі белгіленеді, сондай-ақ мерзімді негізде контрагенттердің қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізіледі. Эмитент өтімді активтердің, оның ішінде ақша қаражаты мен оның баламаларының, сондай-ақ ағымдағы шоттардағы қаражаттың жеткілікті үлесіне ие. Дегенмен, тәуекел өтеу мерзімі бойынша активтер мен міндеттемелер шоттарының теңгерімсіздігінен туындауы мүмкін. Мұндай тәуекелді азайту және болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдануда.

"Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы-белгіленген тәртіппен қабылданған құқықтық актілердің жиынтығы-нарықтық жағдайларда үнемі дамып отыратын қоғамдық қатынастарды оңтайлы түрде реттеуге арналған тұрақты реформалау процесінде. Заңнаманы өзгерту тәуекелдері Банк тарапынан бақылауға алынбайтын объективті тәуекелдер санатына жатады. Осыған қарамастан, банктің білікті қызметкерлері Қаржы нарығы субъектілерінің қызметін реттеуге байланысты мәселелер бойынша түрлі мемлекеттік органдармен және мекемелермен белсенді ынтымақтасатын Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының сарапшылары ретінде құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және келісу процесіне қатысады. Эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау жөніндегі қолданыстағы талаптар эмитентте қандай да бір тәуекелдердің (залалдардың) туындауына әкеп соқпады.

Эмитент Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтайды. Қазіргі уақытта эмитентте қызметті жүзеге асыру кезінде құқықтық қателер жоқ."

"Операциялық тәуекел-стратегиялық тәуекел мен бедел тәуекелін қоспағанда, барабар емес және жеткіліксіз ішкі үдерістер, адами ресурстар мен жүйелер немесе сыртқы оқиғалар әсері нәтижесінде шығындардың туындау ықтималдығы

Операциялық тәуекелді Банк үшін қолайлы деңгейде ұстап тұру мақсатында Банктің меншікті капиталын сақтауды және тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін операциялық тәуекелді басқару саясаты әзірленді, ол мынадай құрамдауыштарды, бірақ олармен шектелмей қамтиды:

операциялық тәуекелді басқарудың мақсаттары мен міндеттері;

операциялық тәуекелді басқарудың негізгі принциптері;

операциялық тәуекел оқиғаларының түрлерін жіктеу;

Банктің операциялық тәуекелінің тәуекел-тәбет деңгейі;

3 (үш) қорғау желісі негізінде операциялық тәуекелді басқару процесіне қатысушыларды айқындау, олардың өкілеттіктері, есеп беру құрылымын нақты айқындай отырып



жауапкершілік;
операциялық тәуекелді анықтаудың, өлшеудің, мониторингтеудің және бақылаудың ішкі тәртібі мен рәсімдерін айқындау, оның ішінде:
операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтау;
операциялық тәуекелді басқару рәсімдері мен тетіктерін айқындау;
ақпаратты ұсыну түрлерін, нысандары мен мерзімдерін қоса алғанда, 3 (үш) қорғау желісі бойынша операциялық тәуекелді басқару процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасудың ішкі тәртібі;
саясаттан, рәсімдерден, лимиттерден ауытқуларды мақұлдау, бекіту, талдау және мониторинг рәсімдері;
жаңа өнімдерді, қызмет түрлерін, процестер мен жүйелерді мақұлдаудың және (немесе) қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процестер мен жүйелерге елеулі өзгерістер енгізудің ішкі тәртібі мен рәсімдері;
операциялық тәуекелді басқаруда кемшіліктер анықталған және (немесе) банктің операциялық тәуекелге ұшырау деңгейіне әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайларда ішкі құжаттар мен рәсімдерге өзгерістер енгізу жөніндегі талаптар;
Операциялық тәуекелдерді басқару-бұл банкте үздіксіз жұмыс істейтін басқару процесі. Банк операциялық тәуекелді мыналар арқылы анықтайды, өлшейді, мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады (бірақ олармен шектелмей):

- аудит нәтижелерін пайдалану.
- операциялық тәуекел оқиғалары туралы ішкі деректерді жинауды және талдауды жүзеге асыру
- Операциялық тәуекелдер бойынша сыртқы оқиғаларды талдауды жүзеге асыру
- операциялық тәуекелді өзін-өзі бағалауды жүргізу
- бизнес-процестердің сипаттамасы (регламенттеу)
- операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану
- операциялық тәуекелді сценарийлік талдау "

"Банк өз қызметі шеңберінде несиелік тәуекелді ең маңызды ретінде қарастырады. Несиелік тәуекел-заемшының өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамау, уақтылы және/немесе ішінара орындау тәуекелі.

Осы тәуекелді азайту мақсатында мынадай іс-шаралар қабылданды:

1. Банктің нормативтік құжаттарында банктің жауапты бөлімшелері несиелік өтінімді қараған кезде банктің рәсімдері/үдерістері мен талаптары нақты реттелді;
2. ҚРМ жүйесінде заемшылардың төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін бағалау үдерісі автоматтандырылды;
3. несиелік өтінімді бағалау сатыларында бақылау нүктелерінің болуы қамтамасыз етілді;
4. Банктің бейінді бөлімшелері (қауіпсіздік қызметі, заң департаменті, тәуекел-менеджмент департаменті);
5. мерзімді негізде қамтамасыз ету нысандарына мониторинг және сақтандыру жүргізіледі;
6. мерзімі өткен несиелермен жұмыс істеу бойынша рәсімдер регламенттелді, оның ішінде заемдарды қайта құрылымдау бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
7. халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS 9) сәйкес осы тәуекелді жабу үшін резервтерді (провизияларды) қалыптастыру рәсімі ай сайын жүргізіледі.

Сондай-ақ Банк төмендегі бес сценарий бойынша сезімталдыққа талдау жасайды:

1. Ұзақ мерзімді салымдардың 10%, 20%, 30%-ға жылыстауы;
2. Пайыздық мөлшерлемелердің жалпы деңгейінің 2%, 4%, 7%-ға өзгеруі;
3. Жылжымайтын мүлік бағасының 20%, 40%, 50%-ға төмендеуі;
4. Қарыз беру бойынша шартты міндеттемелердің 30%, 50%, 100%-ға өтелуі
5. Кредиттік портфельдегі мерзімі өткен төлемдермен (90+) кредиттер үлесін 3%, 5%, 10%-ға



дейін ұлғаюы:

6. Ұлттық валюта бағамының +/-10%, +/-20% және +/-30%-ға өзгеруі;

7. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын Банктің борыштық бағалы қағаздар портфелінің нарықтық бағасын 50 b.p. (базистік тармақтар, мұнда және одан әрі b.p.), 100 b.p., 150 B.p., 200 B.p.-ге көтеру/төмендету.

8. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын Банктің борыштық бағалы қағаздар портфелінің нарықтық кірістілігін 0,5%, 1%, 1,5%, 2% арттыру/төмендету
Банктің жоғарыда аталған барлық тәуекелдерін стресс-тестілеу кезінде іске асырған жағдайда жиынтық стресс факторы капиталдың жеткіліктілік коэффициенттеріне теріс әсер етеді (-0,094-тен -0,248-ге дейін), соған қарамастан олардың мәні меншікті капиталдың едәуір мөлшерінің (724 млрд теңге) салдарынан реттеуші белгілеген ең төменгі талаптардан едәуір жоғары болады.

Банктің реттеушінің талаптарын, сондай-ақ тәуекелдің ішкі жол берілетін деңгейлерін бұзуы қауіпсіздіктің елеулі қорын (меншікті капиталдың мөлшері), сондай-ақ Банктің тәуекелдерін тиімді басқаруды ескере отырып күтілмейді."

6-тарау. Қоғам туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер

10. Қоғамның төлеу агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлеу агентінің толық атауы;
- 2) орналасқан жері, байланыс телефондары, электрондық пошта адресі (бар болса);
- 3) қоғамның төлеу агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Компанияның төлем агенті жоқ.

11. Қоғамның консультанты туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- | | |
|---|---|
| 1 | <p>1) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;</p> <p>2) қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық пошта адресі (бар болса);</p> <p>3) қоғамның қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін адаммен жасасқан шартының күні мен нөмірі:</p> |
|---|---|

Қаржылық кеңесші жоқ.

Егер, қоғамның пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету қоғам акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, қоғамның өзге де консультанттары туралы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.




мәліметтер көрсетіледі.

12. Қоғамның орталық депозитарийімен жасасқан қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөнінде қызмет көрсету туралы шарттың күні мен нөмірі.

№ 260, 01.01.2014

13. Тұрақтандыру банкі жарияланған акциялар шығарылымының проспектісін жасаған кезде, осы қосымшаның 10 және 11-тармақтары толтырылмайды.

Уәкілетті тұлға



Электрондық цифрлық қолтаңба

ИБРАГИМОВА ЛЯЗЗАТ ЕРКЕНОВНА
(тегі, инициалдары)

